

## КЕЛІСІЛГЕН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Астана дарыны» дарынды балалар  
мен талантты жастарды анықтау  
және қолдау орталығы» МКҚК

басшысы

Ж. Бейсенбаева

2026 жыл « 19 » 01

## БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталығы»  
МКҚК басшысы

С. Дауешова  
2026 жыл « 19 » 01

### Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында жол жүру ережесі бойынша қалалық «Брейн-ринг» байқауын өткізудің ЕРЕЖЕСІ

#### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Байқау Астана қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында өткізіледі.
- 1.2. Байқауды Астана қаласының Білім басқармасы және Астана қаласы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының қолдауымен, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКҚК ұйымдастырады.
- 1.3. Өткізу форматы: офлайн

#### 2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. **Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің жол қауіпсіздігі бойынша білімін тереңдету және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру.
- 2.2. **Міндеттері:**
  - 1) Жол жүру ережелері, көліктің түрлері, жол белгілері, жаяу жүргінші өтпелерінің түрлері және бағдаршамның дабылдары бойынша білімдерін анықтау;
  - 2) Жол жүру ережесі белгілерінің күнделікті өмірдегі маңызын түсінуін қалыптастыру, түрлі жағдайларда қауіпсіздік талаптарын сақтап, тәртіпті мінез-құлық дағдыларын жетілдіру.
  - 3) Балалардың танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын және командалық өзара әрекеттесуін дамыту.

### 3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Байқауға Астана қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына карамастан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиешілері, педагогтері мен мектепалды топ тәрбиеленушілері қатысады.

3.2. Әр мектепке дейінгі білім беру ұйымынан 1 команда қатысады.

### 4. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

4.1. Байқау 2 кезеңнен тұрады.

**Бірінші кезең:** балабақшаішілік (жеңімпаздар қалалық кезеңге өтеді).

**Екінші кезең:** қалалық.

4.2. Топ құрамы 5 баладан тұруы шарт.

4.3. Киім үлгісі: Погондары бар көк (немесе көк түске сәйкес) куртка (китель), көйлек, шалбар (юбка), көк түсті пилотка немесе берет ортасында жиектері ақ түсті қызыл дөңгелек белгісі бар, ақ қайыс белдік, португез немесе ақ аксельбант, куртканың сол жақ қолында бағдаршамның түстері бар шеврон.

4.4. Топ командирінің сол жақ курткасының шевронының үстінде бір сары түсті жұлдыз белгісі болуы қажет.

4.5. Байқауға қатысушылар міндетті түрде нысанды киімде болу шарт (нысанды киім бағаланады).

### 5. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Байқау «Есіл-Нұра», «Сарыарқа», «Алматы», «Байқоңыр», «Сарайшық» аудандары бойынша әр ауданда жеке өткізіледі.

5.2. Байқауға қатысу туралы өтінім 2026 жылғы 31 қаңтар сағат 17.00-ге дейін [pdd.astana@mail.ru](mailto:pdd.astana@mail.ru) электронды поштасына қабылданады (қосымша 1).

5.3. Байқау әр аудан бойынша қосымшаға сәйкес көрсетілген мектепке дейінгі білім беру ұйымында өткізіледі. (қосымша 2).

**Байқау 3-бөлімнен тұрады.**

5.4. «Армысың, балақай!» топты таныстыру сайысы. Музыкалық сүйемелдеумен топтың атын, девизін, эмблемасын (эмблема жарық шағылыстырылатын элементтермен болуы қажет), нысанды киімді қорғау (3 минут, команда құрамы толық қатысады).

5.5. «Сен білесің бе?» жол жүру ережесі, жол белгілері тақырыбына байланысты сұрақ-жауап викторинасы (команданың топ басшысы қатысады).

5.6. Сюжетті-ролдік ойын «Жол жүру ережесін сақтаймыз», «Бағдаршам», «Қауіпсіздік аралы» (3 минут, команда құрамы толық қатысады).

### 6. БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

6.1. Қазылар алқасы байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтайды.

6.2.Женімпаз балабақшалар Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен, тәрбиеленушілер грамоталармен, педагогтер сертификаттармен марапатталады.

*Қосымша I*

**Жол жүру ережесі бойынша  
қалалық «Брейн-ринг» байқауына қатысуға  
ӨТІНІМ**

| № | Білім беру ұйымының атауы | Қатысушылардың тегі, аты<br>(Фамилия, имя) | Жетекшілердің тегі, аты-жөні<br>(толық), лауазымы | Байқауға қатысу тілі | Байланыс телефоны, электрондық поштасы |
|---|---------------------------|--------------------------------------------|---------------------------------------------------|----------------------|----------------------------------------|
|   |                           |                                            |                                                   |                      |                                        |

*Ескерту: Өтінім мекеме басшысының қолы қойылған, мекеме мөрі басылған, шығыс нөмері жазылған, word және скан түріндегі екі нұсқада болуы тиіс.*

*Өтінімде жетекші ретінде 3 педагогке дейін (топ тәрбиешісі, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы) ұсыну қажет!*

**Жол жүру ережесі бойынша  
қалалық «Брейн-ринг» байқауы өткізілетін балабақшалар тізімі**

| № | Өтетін уақыты                       | Өтетін орны                 | Қатысатын балабақшалар (аудан бойынша) | Әдіскердің аты-жөні, телефоны                 |
|---|-------------------------------------|-----------------------------|----------------------------------------|-----------------------------------------------|
| 1 | <b>18-19<br/>ақпан<br/>2026 жыл</b> | №54 «Нұр-Ай» балабақшасы    | «Есіл», «Нұра» аудандары               | Талипова Алия Сапаровна<br>87756284375        |
| 2 |                                     | №65 «Бал-бала» балабақшасы  | «Сарыарқа» ауданы                      | Ергараева Куралай Козикеевна<br>87766642275   |
| 3 |                                     | №47 «Ақ желкен» балабақшасы | «Алматы» ауданы                        | Сарсенбаева Гүлмира Байдакқызы<br>87015602803 |
| 4 |                                     | №94 «Сұңқар» балабақшасы    | «Байқоңыр» ауданы                      | Абилда Гулбала Нұрланқызы<br>87756643626      |
| 5 |                                     | №67 «Шұғыла» балабақшасы    | «Сарайшық» ауданы                      | Сарманбетова Марал Сайлауовна<br>87753041283  |